



Сыр бойы

№123 (21198) 20 тамыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.election.gov.kz

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҰСТАНЫМ – БЕЙБІТШІЛІК



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен рәсімде Президентке тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілері сенім грамоталарын табыстады.

Сенім грамоталарын Молдова Республикасының елшісі Игорь Молдован, Вьетнам Социалистік Республикасының елшісі Тхань Ле Нгуен, Корея Республикасының елшісі Ки Хон Чжон, Оңтүстік Африка Республикасының елшісі Лунгисани Доминик Нтомбелла, Словакия Республикасының елшісі Любомир Регак, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Хайке Ренате Пайц, Әзербайжан Республикасының елшісі Алимйраммин Аскеров, Словения Республикасының елшісі Бранко Раковец

және Намибия Республикасының елшісі Моника Ндилявике тапсырды. Мемлекет басшысы еліміздің бейбітсүйгіш сыртқы саясат бағдарын ұстанатынын айтты. – Өздеріңізге мәлім, Қазақстан қазіргідей аса күрделі геосаяси жағдайда бейбіт сыртқы саясат жүргізіп келеді. Біз бейбітшілік салтанат құруға тиіс деп санаймыз. Сондықтан Орталық Азияда да, одан тысқары жерлерде де бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап, ынтымақтастықты ор-

біту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушыларға Қазақстанның экономикалық әлеуеті және ұлттық экономикаға шетелден инвестиция тарту ісіндегі табыстары жөнінде мәлімет берді. – Біз елімізге шетел инвестициясын тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап отырмыз. Әлбетте, Қазақстанға келіп жұмыс істегісі келетін шетелдік кәсіпкерлерді және ірі компанияларды құшақ жая қарсы аламыз. Өздеріңіз білетіндей, біздің нарықта ірі халықаралық компаниялардың басым бөлігі қызмет етеді. Бұл саясаттан айнымайтынымызға сенімдімін. Шетелдік инвестицияға қатысты ашық есік саясатын дәйекті түрде жалғастыруға ниеттіміз, – деді Президент. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар жөнінде айтты. Оның қисынды жалғасы тарихи Құрылтай сайлауы болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі түбегейлі өзгерістер халықаралық қоғамдастықпен ынтымақтастықты нығайтатын тың мүмкіндіктерге жол ашатынына сенім білдірді. Сөз соңында Президент Астананың елшілер өкілдік ететін мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтып, сан қырлы ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін растады. Сондай-ақ мемлекеттер басшыларына жылы лебізін жолдады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев секторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте басты назарда болуы тиіс мәселелер жан-жақты талқыланды.

Санаулы күннен кейін басталатын жаңа оқу жылына барлық қажетті шаралар қабылданып, дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет. Қала және аудан әкімдіктері 20 тамызға дейін білім беру ұйымдарының дайындығын толық қамтамасыз етіп, жөндеу жұмыстарын тез арада аяқтауы тиіс. Осындай міндет жүктеген облыс әкімі оқу жылындағы өзекті мәселенің бірі – оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамту екенін де еске салды.

– Бұл жұмыстар да сапалы ұйымдастырылып, оқулықтарға қатысты шағым түспеуі қажет. Тағы бір маңызды міндет – балаларымыздың мектепке дайындығы. Өздеріңіз білетіндей, жыл сайын «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады. Мемлекеттік мектептерде білім алатын, бірақ тиісті көмекпен қамтылмай қалған көпбалалы, тұрмысы төмен отбасы балаларына қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Ал жеке мектептерде оқитын көмекке мұқтаж оқушылардың мәселелерін демеушілер есебінен шешуіміз қажет. Сондай-ақ жаңа оқу жылы қарсаңында базарлардағы, сауда орындарындағы оқу құралдары, мектеп формасы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу керек. Жергілікті кәсіпкерлердің жәрмеңкелерін тұрақты өткізіп, оқу құралдарының жеңілдікпен сатылуын ұйымдастырыңыздар, – деді аймақ басшысы.

Облыста 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп, 28 колледж бар. Жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының саны 190 мыңнан асады. Ал биыл бірінші сыныпқа 17700 бала қабылданады. Құжат қабылдау осы жылдың 31 тамызына дейін жалғасады. Өңірдегі 63 қосымша білім беру ұйымында 70 мыңға жуық оқушы қамтылған. Жақында

пайдалануға берілген «AI-Kerit» оқу-сауықтыру орталығы мен Ботаникалық бақ жыл бойы жұмыс істейді.

Мәжілісте білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселесі де қаралды. Облыс әкімі бейнебақылау камераларын Жедел әрекет ету орталығына толық қосу, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша нақты тапсырма берді. – Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп маңында жол полициясы инспекторларының күнделікті кезекшілігін ұйымдастырыңыздар. Әсіресе, оқушы саны мен көлік қозғалысы көп мектептер аумағындағы қауіпсіздікті күшейту қажет. Жаяу жүргіншілер жолы, жол белгілеріне қатысты кемшіліктер бар. Қала, аудан әкімдіктері, 25 тамызға дейін аталған кемшіліктерді тез арада ретке келтіріңіздер. Кейінгі үш жылда білім беру ұйымдарын инженерлік, техникалық жабдықтармен жарақтауға жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Балаларымызға қауіпсіз, қолайлы орта қалыптасып, бейнебақылау камералары, турникеттер орнатылды. Ендігі мақсат – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған құқықтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру, – деді облыс әкімі.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндама жасап, жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтты. Мәжілісте суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шаралары, алдағы жылу беру маусымына дайындық жайы да талқыланып, қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тиісті тапсырма жүктелді.

«СБ» ақпарат

/// СҰХБАТ

Мұрат ЕРГЕШБАЕВ, облыс әкімі:

ЕЛ БІРЛІГІ – БАРЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ ТІРЕГІ

Жыл жарымынан ауды. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірқатар ірі жоба бастау алды. Тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамалар да нәтижесіз емес. Әйтсе де алда тұрған ауқымды міндеттер бар.

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев сол міндеттер мен қолға алған бастамалар туралы облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің бас редакторларымен сұхбат барысында кеңірек баяндады. Оның желісімен келесі беттерден таныса аласыздар.

2-5-беттер



/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚҰРЫЛЫС: ҚЫЗЫЛОРДА АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Еліміздің 18 өңірінде құрылыс жұмыстарының өсімі байқалады. Бұл туралы Aikyn.kz хабарлады.

Сараптауларға қарағанда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) түрлері бойынша ең көп үлесі автомобиль, теміржолдар мен метролар (24,7%), тұрғын емес ғимараттар (21,4%) және тұрғын үйлердің (13,4%) құрылысы алады. 2026 жылғы қаңтар-шілдеде орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 15,3%-ға өсіп, 5 061,1 млрд теңгені құраған. Аумақтық бөліністе республиканың 18 өңірінде жұмыс жақсы. Едәуір өсу Ұлытау облысы (3 есе), Қызылорда (34,9%), Павлодар (32%), Атырау (27,9%), Түркістан (25,7%), Шығыс Қазақстан (24,5%), Абай (23,1%), Костанай (22,3%), Батыс Қазақстан (17,3%) және Жамбыл облыстарында (14,7%), Алматы қаласында (23,3%) байқалады. Осы жылдың қаңтар-шілде айлары арасында пайдалануға берілген жана объектілердің жалпы алаңы 12 339 мың шаршы метрді құрайды.

БАСПАНАНЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Үкіметтің 2026 жылғы 14 тамыздағы қаулысымен мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларына өзгерістер енгізілді, деп хабарлайды Zakon.kz.

Құжатта Қазақстан азаматтары заңда өзгеше көзделмесе, ел аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорындағы бір ғана баспананы жекешелендіруге құқылы екені айтылған. Егер азамат мемлекеттік тұрғын үй қорындағы баспананы 2024 жылғы 4 желтоқсанға дейін купондық тетік арқылы немесе өзге тәсілмен жекешелендірген болса, бұл оған баспананы жекешелендіруден бас тартуға негіз болмайды.

Сондай-ақ негізгі жалдаушының отбасы мүшесінің бұрын жекешелендірілген тұрғын үйдегі үлесі 50 пайыз немесе одан аз болса, бұл оның кейін мемлекеттік тұрғын үй қорындағы баспананы жекешелендіру құқығын жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

Қаулы биыл 28 тамыздан бастап қолданысқа енгізілмек.

ШІЛДЕ АЙЫ: 111 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ РЕКОРД ЖАҢАРДЫ

Биылғы шілдеде елдің бірнеше өңірінде ауа температурасы бұрын-соңды тіркелмеген деңгейге жеткен. Тіпті ғасырдан астам уақыт сақталған рекордтар жаңарды. Бұл туралы Stan.kz хабарлайды.

«Қазгидрометтің» мәліметінше, шілдеде Қазақстанның басым бөлігінде ауа температурасы климаттық қалыпты көрсеткіштен 1-4 градусқа жоғары болған.

Ең жоғары температура Түркістанда тіркелді. 18 шілдеде мұнда сынап бағанасы +47,6 градусқа дейін көтеріле, бұған дейінгі рекорд 2019 жылы +43,7 градус деңгейінде тіркелген.

Шымкентте де ғасырдан астам уақыт сақталған рекорд жаңарды. Қалада ауа температурасы +45,2 градусқа дейін жетіп, 16 және 17 шілдедегі ыстық 1915 жылдан бері сақталып келген көрсеткіштерден асып түсіп отыр. 111 жыл бұрын сол күндері Шымкентте тиісінше +41,1 және +40,1 градус тіркелген.

Алматыда 16-20 шілде аралығында бірден төрт температуралық рекорд жаңарса, Астанада 14 шілдеде ауа температурасы +38,6 градусқа, Өскеменде 16 шілдеде +39,7 градусқа жеткен. Ал Қызылордада 17 шілдеде ауа температурасы +45,2 градусты көрсетті. Есесіне кей өңірлерде жауын-шашын мөлшері қалыпты деңгейден бірнеше есе жоғары болғаны айтылып отыр.

Осылайша, 2026 жылдың шілдесі Қазақстан үшін ауа райының тосын мінезімен есте қалғандай.

Дайындаған Қ.ӘБШ

Мұрат ЕРГЕШБАЕВ, облыс әкімі:

ЕЛ БІРЛІГІ – БАРЛЫҚ



Қуат Шарабидинов: – Мұрат Нәлқожаұлы, алдымен облыстық баслымдарарқылықоқырмандарға ой бөлісуге уақыт бөлгеніңіз үйін рақмет!

Қазақтың арғы-бергі тарихында талай тарихи шешім қабылданған Сыр елінде биылғы жыл басында бесінші әрі қорытынды Ұлттық құрылтай өтті. Осы алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық реформа мен Парламентті Құрылтай атауымен атау туралы тағдыршешімді пікірін айтты. Сонда Президент: «Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаралар енді басталды», – деген болатын. Әділеттілікті үндейтін жаңа қоғамның тың талаптары туралы қандай ой бөліссіз? Алдымен әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Тарихи сәйкестік тектен-тек келмесе керек. Осыдан бір ғасыр бұрын алғашқы астана атанып, қазақ атын қайта жаңғыртқан Қызылорда қаласында биыл бесінші Ұлттық құрылтайдың шақырылуы, шын мәнінде, тарихи оқиға болды. 1925 жылғы Ақмешіт Алқасы мен Қызылордада өткен Құрылтайдың арасындағы бұл тарихи сабақтастық болашақта өз жемісін беріп, халық игі нәтижесін көрері анық.

«Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша», – деген Мемлекет бас-

шысы Ұлттық құрылтайда облыстың қазіргі жарқын жетістіктері туралы да дәйекті мысалдар келтіргенін білесіздер. Президентіміз жиында Қызылорда облысының даму барысына тоқталып, сол кезеңдегі облыс басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевқа ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы айрықша атап өткендей, шынайы еңбектің шыңына шыққан тұлғалар да осы өңірдің мақтанышы саналады. Сол жолды лайықты жалғастыру әрбіріміз үшін сын екенін де ұмытпаған жөн деп ойлаймын.

Одан беріде мемлекет дамуының нақты бағытын айқындайтын маңызды стратегиялық құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енді. Президентіміз алдағы 23 тамызда Құрылтай сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұған дейін үлкен науқандарда ауызбірліктің үлгісін көрсетіп келген Сыр халқы осы саяси науқанда да азаматтық ұстанымдарын танытып, белсенділік көрсетеді деп сенемін.

Ботагөз Ажарбаева: – Осы жылдың 21 мамырында Мемлекет басшысының қабылдауында болып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен алдағы даму жоспарын баяндадыңыз. Президент экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Бұл тұрғыда не айтасыз?

– Мемлекет басшысының тапсырмасын мұлткіз орындау – басты міндетіміз. Сондықтан аймақтың өркениеті өрістеп, көркі келіскен өлкеге айналуына бар

ынта-жігерімізбен қызмет етуде атқаратын шаруаларымыз алда көп.

Бүгінде өңір экономикасы тұрақты дамуға, макрокөрсеткіштердің өсімі қалыптасуда. Облыс бюджетінің көлемі 809,6 млрд теңгеге жетіп, өзінің әлеуметтік бағыттылығын сақтады.

Аймақта инвестициялық ахуал жақсарып, кәсіпкерлік қарқынды дамуға. Бұл – өңір экономикасының тұрақты өсімінің және халықтың әлауқаты артуының негізі.

Қазір «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағын өндірістік жобалармен толықтыру мақсатында әлеуетті инвесторлармен белсенді келіссөздер жүргізілуде. Өңірдің ре-

сурстық, еңбек және географиялық әлеуеті, сондай-ақ әлеуетті инвесторлардың қызығушылығы ескеріле отырып, экономикалық аймақ аумағында жүзеге асырылуы мүмкін 18 басымдыққа ие қызмет түрі айқындалды.

Бүгінде Экономикалық аймақ аумағын қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында тиісті техникалық-экономикалық негіздемені және жоба-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік инфрақұрылым жұмыстарын осы жылы бастап, келесі жылы аяқтау жоспарлануда.



Өздеріңізге мәлім, ұзақ жылдар аймақ дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан мұнай-газ саласының өсімі кейінгі жылдары кідіріске ұшырады. Осыдан 13 жыл бұрын облыста жылына 11 млн тонна мұнай өндірілсе, табиғи газдың салдарынан өткен жылы өндіріс көлемі 3 млн тоннаға дейін азайған.

Инвестиция тарту және жаңа жобаларды іске асыру – әкімдіктің негізгі басымдықтарының бірі. Алдағы үш жылда экономиканы әртараптандыру мақсатында құны 1,9 трлн теңгені құрайтын 48 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Осы жылға жоспарланған 21 жобаның 8-і алғашқы 7 айда іске қосылды. Мысалы, «Марал Нұр» серіктестігінің жолаушылар вагондарын жөндеумен және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын жаңа кешені жылына 600-ден астам вагонға техникалық қызмет көрсетуге, 100 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Жалпы, аймақта инвестициялық ахуал жақсарып, кәсіпкерлік дамуға. Бұл – өңір экономикасының тұрақты өсімінің және халықтың әл-ауқаты артуының берік негізі. Жүзеге асырылып жатқан және жоспарланған инвестициялық жобалар өңірдің жаңа экономикалық есу нүктелерін қалыптастырады. Әсіресе, энергетика, агроөнеркәсіптік кешен, құрылыс индустриясы және машина жасау салаларында жаңа өндірістік кластерлерді қалыптастыруға, қосылған құны жоғары өнім өндірісін кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашып, салық базасын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы өңірімізде уран өндіру саласын ұзақ жылдар бойы тұрақты дамытып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға, өндірістік әлеуетті арттыруға және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Компанияның демеушілігімен 2,1 млрд теңгеге жуық қаражатқа Жаңақор-



БАСТАМАЛАРДЫҢ ТІРЕГІ

ған, Шиелі аудандарынан 2 спорт кешенін, ауылдық клуб және емхана салу жоспарға алынған. Сәтін салса, биыл осы жобалардың құрылысы басталады.

Қуат Шарабидинов: – *Ауыл шаруашылығы демекші, осы саланы қолдау және дамыту бағытында, әсіресе су үнемдеуге қатысты қандай бастамалар бар?*

– Біздің өңіріміз үшін де су мәселесі өте өзекті екені белгілі. Ендігі талап – егін шаруашылығын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын батыл енгізу.

Биыл аграрлық секторды қолдауға бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артты. Оның ішінде субсидиялауға 25,7 млрд теңге бөлінді.

Жыл қорытындысымен ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 245,9 млрд теңгеге жеткізу, негізгі қорына 55,2 млрд теңге инвестиция тарту межеге алынып отыр. Осы жылдың 6 айында ауыл шаруашылығында 34,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 3,9%-ға артты. Саланың негізгі қорына тартылған инвестиция көлемі 1,9 есеге артты.

Қазір егісті әртараптандырудың маңызы зор. Осыған орай суды көп қажет ететін күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, орнына майлы, малазықтық дақылдар егіліп, дәнді жүгерінің көлемі 10 мың гектарға жеткізілді. Осылайша дәнді жүгерінің көлемі 5 есеге артты. Нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда егін көлемі 7,1 мың гектарға артып, 193,7 мың гектарды құрады. Біз алдағы уақытта егісті әртараптандыру бағытын мұқият бақылайтын боламыз. Осының негізінде тапсырмаға сай 2026-2028 жылдарға арналған жүгері егіс алқаптарын ұлғайту жол картасын қабылдадық.

Ал су үнемдеу технологияларын пайдалану өткен жылы 8,1 мың гектарды құраса, биыл 14,2 мың гектарға жетті. Жалпы 2030 жылға дейін су үнемдеу технологияларын енгізу алаңдарын 34,2 мың гектарға жеткізу жоспарда бар. Бұл егіншілік мәдениетіне жақсы өзгеріс әкеледі.

Қазақ – ежелден мал баққан халық. Төрт түлік мал басында өсім бар. Сол түліктердің асыл тұқымын көбейту, өнімділікті арттыру қазіргідей бәсекелестікте өте маңызды.



ет экспорттау орталығы бордақылау алаңына есептік нөмір алып, Өзбекстан мемлекетіне алғаш рет 1000 тонна қой етін экспорттауға 5 млн долларға келісім жасап отыр.

Жалпы, өңірдің агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту бойынша қарқынды жұмыс бар. Бұл орайда 2026-2028 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың Жол картасы бекітілді. Онда жалпы құны 172,5 млрд теңгені құрайтын 17 инвестициялық жоба енгізілген. Осы жылға белгіленген 8 жобаның 3-еуі пайдалануға берілді. Ірі жобалар санатында Шиелі ауданындағы «Центр семеноводства» серіктестігінің 10 мың гектарға жүгеріні жаңбырлатып суару әдісімен егу, «Таң ЛТД» ЖШС-ның

Аймақтағы 16 мың шақырымды құрайтын каналдар 1960-1970 жылдары пайдалануға берілген. Су шығынын азайту мақсатында каналдарды бетондауды қолға алдық. Осының негізінде жалпы құны 142,3 млрд теңгені құрайтын 68 каналға бетондау жұмыстарын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленуде. Біз осы бастаманы жүзеге асыру арқылы үнемделетін 30 пайыз суды Арал теңізі мен көлдер жүйесіне бағыттай аламыз.

Ботагөз Ажарбаева: – *Облыс бюджетінің 52 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған. Осының нәтижесі туралы айтыңызшы...*

– Өріне, тұрғындар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындау қай кезде де алғашқы орында тұрады.

Балалардың жайлы ғимараттарда сапалы білім алып, халыққа сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орындарын құрып, халықтың табысын арттыру – басты міндетіміз.

Биыл білім саласына 302,2 млрд теңге қаржы қарадық. Айтулы жаңалығымыз – Ұлттық бірінғай тестілеу бойынша орташа балл 74,9-ды құрап, республикада өңіріміз үшінші жыл қатарынан I орыннан көрінді.

Биыл оқушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі зерттеуіне аймақтағы 88 жалпы орта білім беру ұйымынан 6 мыңға жуық оқушы қатысып, республика бойынша 4 сынып оқушылары III орын, 9 сынып оқушылары II орынды иеленді.

Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми зерттеу жобалары, республикалық пәндік олимпиадада оқушыларымыз жақсы нәтиже көрсетіп, 2 оқушы жоғары оқу орнының білім грантын жеңіп алды.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиадада облыс командасы «Ең үздік олимпиадалық команда – 2025» номинациясын иеленді. Білімге салынған инвестиция еселеп қайтатынын жақсы білесіздер. Демек, бұл – жоғары нәтиже.

Балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту мақсатында биыл жылына 8400 баланы қамту мүмкіндігі бар «AI-Kerim» балалар білім беру-сауықтыру орталығы пайдалануға берілді. Орталықта ғылыми-техникалық, жаратылыстану, экологиялық, спорттық бағыттағы үйірмелер жұмыс жасайды.

Өңірдің ғылыми-ағартушылық және туристік әлеуетін арттыру мақсатында жылына 14 мыңға жуық келушіні қабылдауға мүмкіндігі бар

«Ботаникалық білім беру орталығы» ел игілігіне табысталды.

2027 жылы Қызылорда қаласы, Әл Фараби шағын ауданынан құны 6,9 млрд теңгені құрайтын бір мезетте 364 баланы, ал күніне 2000-нан аса баланы қабылдауға мүмкіндігі бар инновациялық шығармашылық орталығы салынады деп жоспарлануда.

2026 жылға 55 жобаның құрылысын жүзеге асыруға 177,3 млрд теңге бөлінді. Әсіресе әлеуметтік салаға ерекше мән берілуде. Атап айтсақ, денсаулық сақтау саласында 3 нысан, жұмылдыру дайындығы бойынша 1 нысан, инженерлік инфрақұрылым желілері 38 нысанның және сол жағалаудан 7 қабатты 84 пәтерлі 3 кредиттік тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Ал спорт саласында 8 нысан жоспарланса, оның 6-уы және мәдениет саласында 2 нысан пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау саласы да басты назарымызда. Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуде 5,2 млрд теңгеге медициналық техникалар сатып алынууда.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен биыл облыс орталығында 54,3 млрд теңге қаржыға бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана және Титов ауданында ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхана пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында құны 52,7 млрд теңгені құрайтын

200 төсек-орынға арналған перинаталдық орталықтың және Сырдария өзенінің сол жағалауынан 14,7 млрд теңге қаржыға 500 келушіге арналған емхананың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.



«Игілік», «Береке» жеңілдетілген несиелік бағдарламалары мал сатып алуға мұрындық болуда. Ал «Жайлау» жеңілдетілген несиелік бағдарламасының пилоттық жобасына Қызылорда облысын қосу жөнінде ұсыныс әзірленуде.

Осы жылдың 6 айында ет өндірісі 4,1%, сүт өндірісі 4,9%, жұмыртқа өндірісі 8,8% пайызға артты. Айта кеткен жөн, мал шаруашылығын дамыту перспективасы өте зор. Қазірдің өзінде мал шаруашылығы өнімдеріне шетелдерден сұраныс жоғары. Жыл сайын малды экспорттау өсіп келеді. Биыл Өзбекстанға 1479 бас қосқар тірілей экспортталды. 2025 жылы 869 бас экспортталған. Жаңақорған ауданында жуырда іске қосылған «Абдулла» серіктестігінің құс фабрикасы аз уақытта 180 тонна құс етін өндіріп, оның 108 тоннасын Қызылорда, Шымкент, Астана, Алматы қалаларына сатуға шығарған. Сондай-ақ осы аудандағы «Қожамберді батыр» мал сою және

тамшылатып суару технологиясын қолдана отырып 3 мың гектар жүгері өсіру жобалары іске асырылуда.

Сонымен қатар, жыл аяғына дейін Қызылорда қаласындағы «Қызылорда НК Құрылыс» ЖШС-ның 800 басқа арналған тауарлы сүт фермасы іске қосылады. «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» жүгері өңдеу зауытының бірінші кезені қазан айында аяқталады. Биыл 20 мың тоннаға лайық жүгері сақтау қоймасы мен астық кептіргіш орнатылады.

Өріне, әрбір жобаның артында жұмыс көзі бар, шығаратын өнім бар. Осының бәрінде су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, үнемдеу технологияларын енгізу, су жүйелерін цифрландыру өзекті мәселеге айналады.

Ұлттық құрылтайда да Президентіміз су еліміз үшін стратегиялық ресурс екенін, су мәселесімен жүйелі түрде айналысу керектігін ескертті.



ЕЛ БІРЛІГІ – БАРЛЫҚ

Сонымен қатар, Арал қаласында 6,6 млрд теңгеге 250 келушіге арналған емхананың құрылысы жыл соңына дейін басталады.

Өңірімізде өткен құрылтайда Мемлекет басшысы салуды тапсырған драма театр мен тәулік бойы жұмыс жасайтын 600 мың кітап қорын сақтауға арналған Президенттік кітапхана құрылысы қарқынды жүруде.

Үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақсатында 6200-ден астам пәтер салу жоспарлануда. Бұл өз кезегінде 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешетін болады.

Ботагөз Ажарбаева: – Мемлекет басшысы спорт және туризмді дамытуға үлкен мән беріп отыр. Кейінгі екі-үш айдың еншісінде бірақатар спорт нысаны ашылды. Бұқаралық спорттың маңызы артты. Ал туристік орындардың инфрақұрылымын жетілдіруде қандай жоспарлар бар?

– Қазір облыс орталығында құны 20,5 млрд теңгені құрайтын 2500 орындық көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұл кешенде спорттың бірнеше түріне арналған арнайы жаттығу залы, жабық бассейн, жаттығу-сауықтыру залдары, 300 орындық конференц залы бар.

Жалпы, спорт – қоғамды алға жетелейтін күш. Оның тұрғындар үшін қолжетімділігі маңызды. Айталық, облыс орталығында 26 көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына құны 1,9 млрд теңгені құрайтын балалар ойын алаңдары салынуда.

Биыл сәуір айында Астанада өткен Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің қорытынды отырысында Президентіміз Солтүстік Арал экосистемін қалпына келтіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесін жоғары бағалады.

Осы орайда, еліміздегі бірегей табиғи әрі ғылыми нысан – «Арал геопаркін» дамыту бойынша нақты міндеттер жүктелді. Жобаның мақсаты – Арал өңірінің табиғи-экологиялық, геологиялық, тарихи және мәдени мұрасын сақтау, ғылыми зерттеулерді дамыту, экологиялық туризмді ілгерілету және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру.

Талаптарға сәйкес «Арал геопаркі» аумағында дайындық жұмыстары жүргізіліп, 4 туристік-танымдық маршрут әзірленді. Биылғы шілдеде Геопарк аумағында халықаралық сарапшылармен бірге жүргізілген негізгі бағалау жұмыстарының қорытындысымен «Арал геопаркін» ЮНЕСКО-ның 51 елді біріктірген Жаһандық геопарктер желісіне енгізуге қатысты нақты шешім ұсынылатын болады.

Оң шешім қабылданса, «Арал геопаркі» Қазақстандағы халықаралық деңгейде мойындалған алғашқы жаһандық геопарк мәртебесін иеленеді. Бұл – Арал өңірінің туристік тартымдылығын арттырудың, ғылыми зерттеулерді кеңейтудің және жергілікті халықтың тұрмыс сапасын жақсартудың жаңа мүмкіндіктері.

Қуат Шарабидинов: – Енді көлік-логистика саласына ойыссақ...

– Биыл облыстың жол инфра-



құрылымын дамытуда жалпы ұзындығы 141 шақырым болатын автомобиль жолдары, көшелер мен көпірөткелдерін жөндеуден өткізуге бюджеттен барлығы 38,4 млрд теңге бөлініп, жалпы индикаторлық көрсеткіш 95,5 пайызға жетеді.

Сонымен қатар, биылғы жылы өңірдің көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша бірқатар ірі жоба іске асырылмақ. Мысалы, Қызылорда қаласында Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер, Токтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы автожол көпірлерін салу жобалары осы санатта.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен республикалық бюджеттен бөлінген 10,2 млрд теңгеге облыстағы 7 теміржол вокзалы (Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал теңізі, Сексеуіл), 2 қызмет көрсету пункті (Тереңөзек және Жалағаш) және «Талап» бекетіндегі жолаушылар платформасы жаңғыртылуда.

Маусым-шілде айларында 4 теміржол вокзалы және «Талап»

бекетіндегі жолаушылар платформасы халық игілігіне пайдалануға берілді. Қалған вокзалдар бойынша жаңғырту жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады.

Жуырда ғана Мемлекет басшысы телекөпір арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында айрықша маңызға ие «Қызылорда - Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» қайта жаңғырту жобасының құрылысын және «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын бастауға пәрмен берді.

«Қызылорда-Сексеуіл» автомобиль жолының құрылысы көлік байланысын жақсартып қана қоймай, өңірдің транзиттік мүмкіндігін жаңа сатыға көтереді. Бұл жолдың ұзындығы – 462 шақырым, құны – 832,8 млрд теңге. Ал «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолы – тыңнан түсетін тарихи жоба. Оның құны – 780,3 млрд теңге. Жалпы ұзындығы 800 шақырымды құрайтын халықаралық дәліздің 189 шақырымы Қызылорда облысының елді мекендері (Құланды, Ақбасты, Ақеспе,

Қосаман, Сексеуіл) арқылы өтеді. «Сексеуіл-Ұлғайсын» автомобиль жолының ұзындығы 312 шақырым, оның 97 шақырымы облыс аумағына тиесілі. Бұл жобаның құны – 762 млрд теңге.

Аталған жолдар – еліміздің батысы мен оңтүстігін өзара тиімді байланыстыратын маңызды көлік дәлізі. Осы күре жолдар арқылы Қытай мен Орталық Азиядан Еуропа бағытындағы жүк ағындарын тиімді өткізуге, транзиттік тасымал көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туады.

Жол-көлік инфрақұрылымын аудан, ауылдарда да дамытуды назардан тыс қалдырмаймыз. Мысалы, Қазалы ауданындағы «Қарлан» учаскесінен Сырдария өзені арқылы көпір өткелін салу жұмыстары қазір қарқын алды. Жобаның жалпы келісімшарт құны – 6,8 млрд теңге.

Ботагөз Ажарбаева: – Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуда коммуналдық қызметтің жүзгі ауыр. Десе де, халыққа газ, ауызсу жеткізуде облыстың көрсеткіші жақсы. Электр энергия-

сы, жылу және кәріз жүйелерін дамыту бойынша қандай басымдықтарды айтар едіңіз?

– Шынында, елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл бюджеттен бөлінген 4,7 млрд теңгеге 10 елді мекен табиғи газбен қамтамасыз етіледі. Осы жобалардың ішінде Сырдария ауданындағы 3 мыңға жуық тұрғыны бар Ақжарма ауылы табиғи газға қосылды. Бұдан бөлек, қосымша 21 елді мекенді газдандыру бойынша жұмыстар бастауды жоспарлап отырмыз. Осы жобаларды іске асыру арқылы газдандырылған елді мекен саны 87-ге жетіп, облыс халқын газдандыру деңгейі 92 пайызды құрайтын болады.

Өңір халқын орталықтандырылған ауызсумен қамту деңгейі 100 пайызға жеткізілді. Ендігі негізгі міндет – қолданыстағы су жүйелерін жаңғырту, олардың техникалық жағдайын жақсарту және тұрғындарға көрсетілетін қызметтің сапасын одан әрі арттыру.


Биыл ауызсумен қамту және су бұру саласында жалпы құны 11,9 млрд теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылуда. Арнайы мемлекеттік қор және облыстық бюджет есебінен 1 млрд теңге қаржы бөлініп, жақында Жаңақорған кентіндегі «МАИ бекеті» шағын ауданында су тарту станциясы және қосылу тармағының құрылысы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, өңір үшін стратегиялық маңызы бар ірі жобалардың бірі – Арал және Қазалы аудандарының 160 мыңнан астам тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ететін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының екінші тармағын салу. Жалпы ұзындығы 234 шақырымды құрайтын жобаның құны – 43,7 млрд теңге. Бүгінде бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 35 шақырым су құбырының құрылысы аяқталды. Жоба 2029 жылға дейін толық жүзеге асырылып, Арал және Қазалы аудандарының тұрғындарын сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мамандардың сараптауынша, өңірде қазір электр желілерінің тозу деңгейі 60 пайызды құрайды. Электр желілерін жаңғырту және олардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында жалпы құны 3,2 млрд теңгені құрайтын 276 шақырым әуе электр желісін және 109 қосалқы станцияны қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған.

Өңірдің энергетикалық әлеуетін арттыруда жалпы қуаты 148 МВт болатын 5 ірі күн-электр станциясы жұмыс жасауда және жыл соңына дейін 1 күн-электр станциясын пайдалануға беруді көздеп отырмыз. Одан бөлек алдағы уақытта қуаты 230 МВт болатын 1 жел және 5 күн-электр станциясын салу жоспарлануда. Осы жобалардың іске асырылуы облыстың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, электр энергиясының тапшылығын төмендетуге және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Облыста қазір жылу желілерінің жалпы ұзындығы 217 шақырымды құрайды. 2025-2026 жылдары Қызылорда қаласы бойынша 7,2 млрд теңге қаржыға 6 жоба іске асырылып, нәтижесінде 8,7 шақырым жылу желісі жаңғыртылды. Ал 2026-2029 жылдары 32 шақырым ретке келтіріліп, жылу желілерінің тозу деңгейі қазіргі 40 пайыздан 30 пайызға дейін төмендейді.



БАСТАМАЛАРДЫҢ ТІРЕГІ

Қуат Шарабидинов: – Арнайы мемлекеттік қор қаражаты деп қалдыңыз, осының есебінен облыста жүзеге асырылып жатқан қандай әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар бар?

– Арнайы мемлекеттік қор есебінен Қызылорда облысында жалпы құны 35,4 млрд теңге болатын 17 жоба іске асырылуда. Оның ішінде өткен жылы 16 жоба, биыл білім беру саласы бойынша 1 жоба қолға алынды. Жобалардың ішінде 1 денсаулық сақтау нысаны, 1 білім беру нысаны, 1 автомобиль жолы құрылысы, 2 ауызсумен және 12 ыстық сумен жабдықтау нысаны бар. Биылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 17 жобаның 3-еуі аяқталды. Атап айтқанда, Аралдағы көпбейінді орталық аудандық ауруханаға 25 төсектік инфекциялық бөлімшенің жапсаржайы, Қызылорда қаласындағы М.Ықсанов атындағы ІТ колледжге қосымша ғимарат, Жаңақорған кентінің «МАИ бекеті» шағын ауданындағы су алу құрылысы мен қосу желісі пайдалануға берілді.

«Қызылорда қаласындағы Жан-кожа батыр көшесі арқылы теміржол өткелін салу», облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен жабдықтау, Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау жобалары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Ботагөз Ажарбаева: – Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаппай цифрландыруды жеделдету және жасанды интеллект технологияларын өндіріске кеңінен енгізудің стратегиялық маңызын айқындап берді. Біздің мүмкіндіктеріміз қандай?

– Қазіргі таңда әлеуметтік салаларды заманауи цифрлық форматқа көшіру жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізілуде. Мәселен, денсаулық сақтау саласында осы жылы науқастарды ерте диагностикалау, хирургиялық емдеудің тиімділігін арттыру бойынша облыстағы 21 медициналық ұйымға жасанды интеллект көмегімен PACS жүйесі енгізілді (3,2 млрд теңге). Бұл радиологиялық зерттеулерді цифрландыру және орталықтандыру арқылы онкологиялық ауруларды, әсіресе сүт безі мен өкпе обырын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

Экология саласында қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау және бақылау процесін толық цифрландыру үшін «Waste Management» жүйесі іске қосылды. Бұл өз кезегінде абоненттік базаны цифрландыру, төлемдерді есепке алу, жанармай шығынын бақылау, сондай-ақ орындалған жұмыстар бойынша талдау және автоматты есептілік қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қадағалауды, оның ішінде аумақтарды, инфрақұрылымдық объектілерді, өнеркәсіптік аймақтарды жедел бақылауды, сондай-ақ төтенше жағдайларда және басқа да оқиғаларда жылдам әрекет ету мақсатында облыстық полиция департаменті пилоттық режимде 6 ұшқышсыз ұшу аппаратын (дрон) пайдалануда. Алдағы уақытта 10 дронға дейін көбейту жоспарымызда бар.

Қызылорда қаласында қоғамдық көлік жүргізушілері мен жолаушылардың қауіпсіздігін сақтау мақса-




тында пилоттық режимде қоғамдық көлікке (1 көлік) интеллектуалды қауіпсіздік жүйесі іске қосылды. Жүйе қозғалыс барысында жүргізушінің жағдайы мен әрекеттерін бақылауды, жолда болып жатқан жағдайды және қауіпті оқиғаларды платформада тіркеп, онлайн бақылауды жүзеге асырады. Одан бөлек жолаушылар көлігіне мінген және түскен жолаушыларды автоматты түрде бақылап, жолаушылар ағынын (санын) платформада көрсету мүмкіндігі бар.

Жол инфрақұрылымын мониторингілеу жүйесі «Freedom Data Centers» ЖШС мен Қызылорда қаласында 1 экотаксиге пилотты түрде іске қосылды. Аталған жүйе

автокөлікте орнатылған бейнетіркегіш арқылы қозғалыс барысында жол жабынының және қалалық инфрақұрылым ақауларын (жарық бағаналары, билборд, ағаштар, бағдаршам, т.б.) жасанды интеллект арқылы анықтауға, фотофиксациялауға және жауапты мекемеге онлайн жіберуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен халықтың интернет-ресурстарға қолжетімділігін арттыру аясында «ҚызылордаТрансТелеком» филиалы осы жылдың 1 мамырынан бастап Mesh-желі технологиясы бойынша қоғамдық орындарда тегін интернет желісін ұсыну үшін «Free Wi-Fi» жобасын іске қосты. Міне, жаппай цифрландыруды жетілдіру бағытында қолға алған осындай жұмыстарымыз бар. Бұл ретте тиісті мамандармен кеңесе отырып, бірқатар бастаманы жоспарға да енгіздік.



Қуат Шарабидинов: – Мұрат Нәлқожаұлы, сіз Сыр бойының перзенті ретінде жер жағдайында, ел жағдайында өте жақсы білесіз. Төрт ауданда, қалада, бірнеше басқармаларда басшылық қызмет атқардыңыз. Өмірлік тәжірибеңізде бүгінгі қоғам қандай құндылықтарға арқа сүйегені абзал деп ойлайсыз?

– Буын алмасады, қоғам жаңарады. Жаһандық өзгерістер кезеңінде қоғамның ең басты құндылығы – бірлік, татулық, ал қазір Президентіміздің пәрменімен әділетті қоғамның негізі қаланды.

Кейінгі уақытта Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» қағидаттары үстемдік алды. Бұл – шын мәнінде, өмір сапасын жақсартатын жаңа мәнге ие бастамалар. «Таза Қазақстан» көше мәдениетінің ғана көрінісі емес, мұның астарында саналық тәрбие, тұрмыстық мәдениет пен өркениетті өмірге ұмтылыс жатыр. Ал оның заң мен тәртіп арқылы дамуы – елімізді жарқын болашаққа бастайтын ұстаным.

Бүгінгі қоғам ең алдымен ұлттық бірегейлік, еңбекқорлық және жауапкершілік сияқты іргелі құндылықтарға арқа сүйеуі керек деп ойлаймын. Қазір байқасаңыздар, қоғам өзгерді, реформалар тұрақты сипатқа ие бола бастады, халықтың сана-сезімінде бетбұрыс жасалды. Қашаннан татулықты ту еткен Сыр елінде әрбір жетістік өскелең ұрпақтың бақытты өмірі үшін қызмет етеді деп сенемін.

Ботагөз Ажарбаева: – Жастарға қандай ой бөліскен болар едіңіз?

– Қазір жастар үшін кең мүмкіндік ашылған уақыт. Мен де ауылда өстім, еңбектің қадірін білем. Отбасында ата-анамыздың қазақы тәрбиесімен жетілдік. Жаңа Конституциямызда да отбасы құндылығына айырықша мән беріліп отыр.

Расында, кез келген тәрбиенің негізі отбасынан басталады. Өзімнің де өмірлік ұстанымдарым мен бала күнгі арман-мақсаттарым осы

отбасы тәрбиесінен басталды. Бала күнімізден ата-анамыздың тәлім-тәрбиесімен өстік, әкеміздің елге еткен қызметіне, тұлғалық қасиеттеріне қарап бой түзедік. Бұл менің азамат болып қалыптасуыма зор әсер етті және өмірлік азық болды десем, қателеспеймін.

Елге қызмет ету үшін ауылда не қалада тұрудың айырмасы жоқ. Әсіресе, бүгінгі жастар үшін мүмкіндік көп. Біле білсек, жаңадәуірдің игіліктеріне шақыратын «Келешек мектептерінің» өзі аудан-ауылдарда салынып жатыр. Сол секілді, денсаулық, спорт, мәдениет саласының жетістіктері де ауылға жетті.

Өмірлік тәжірибемнен айтарым, әсіресе, жастарға мамандық таңдауда қателеспеу керек. Өйткені бұл мәселе әрбір адамның бүкіл саналы өмірінің айнасы болмақ. Өзіңнің жүрегіңмен таңдаған мамандығың – өмір сүрудің материалдық және рухани көзі. Өз өміріміз үшін өзіміз жауаптымыз.

Айта берсек, бүгінгі қоғам жастарына бағытталған игіліктер аз емес. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында да жас ұрпақтың бойында асыл қасиеттерді дамытуға барынша жағдай жасалуда. Елге деген адалдық, әрбір жастың өзінің сенімі мен қоғамға деген адалдығынан басталады. Сол жолда оларға табыс, сәттілік тілегім келеді.

Әрине, бір сұхбаттың өзегіне барлық ойды сыйғызу қиын болар. Өңірдің өзге де салаларында, әсіресе мәдениет, қоғамдық даму, құқық қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Халықтың сапалы өмірі үшін бір-бірімен сабақтаса жүретін барлық қызметте жақсы нәтижелерге жету – әлгінде айтқанандай бірлік пен ынтымағымыздың арқасы. Осы жолда жұмыла қызмет ете берейік!

Сұхбаттасқандар
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы».
Ботагөз АЖАРБАЕВА,
«Қызылординские вести»



Әділбек Ерсұлтанов,
Қызылорда облысының аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы:

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ ОЙДАҒЫДАЙ



– Әділбек Бөрібайұлы, Құрылтай сайлауына санаулы күн қалды. Маңызды саяси науқанға Қызылорда өңірінің дайындығы қалай?

– Президент Жарлығымен 23 тамызға бекітілген Құрылтай сайлауы еліміз үшін аса маңызды саяси науқан. 54 күнді қамтитын электоралдық кезең ҚР Орталық сайлау комиссиясымен бекітілген Күнтізбелік жоспарға сай жүргізілуде.

Аймақта 9 аумақтық, 386 учаскелік сайлау комиссиясы құрылып, 2783 комиссия мүшесі жұмыс жасауда. Барлық комиссиялар кезекшілік кестесіне сай сайлаушылардың сауалдарына жедел жауап беруге дайын.

Науқан аясында Қызылорда қаласында 7 учаске, Қазалы және Шиелі аудандарында 1 жаңа учаске ашылып, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Дауыс беру күні барлық комиссия мүшелеріне сайлаушылар тізімімен жұмыс, бюллетень беру, байқаушылар мен сенім бітірілген адамдармен заң шеңберінде жұмыс жүргізуге қажетті алгоритмдер түсіндірілді.

Мүгедектігі бар дауыс берушілер үшін арнайы бұрыштар және қажетті трафареттер мен аудиороликтер жеткізілді. Дауыс беру күні 67 инвалидтік сайлаушыларға қызмет етеді.

– **Комиссия мүшелерінің білім деңгейі қандай? Оқыту жұмыстарына қиыншылықты мән беріді?**

– Облыста 2720 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі бар. Олардың 95 пайызы тәжірибелі, бірқатар науқандарды кәсіби түрде аткарып жүрген мамандар деуге болады. Әлбетте, оқытуға баса мән берілді.

Комиссия мүшелерін білімін жетілдіруге арналған көшпелі оқыту семинары барлық аудандарды қамтыды. Облыста 1344 комиссия мүшесі арнайы оқытудан өткізілді. Әрі қарай каскад әдісімен 1376 комиссия мүшесі білімдерін арттыруда. Комиссияға жаңадан келген 140 маманға талдау жүргізіп, оларды оқытуға ерекше екпін берілді.

Оқытуға бөлінген уақыттың 30%-ы теорияға және 70%-ы практикалық әдістерге (рольдік ойындар, кейс-тесттер, квиз-ойындары, кейстік жағдайларды талдау, т.б.) арналды. Сонымен қатар, комиссия мүшелерінің білімі ОН-тест жүйесі арқылы тексерілді.

– **Сайлаушылар нені білуі керек?**

– Өңірде 500 591 азамат сайлаушылар тізіміне енгізілді. Қазіргі таңда учаскелер сайлаушылардың есептен шығару және үйден дауыс беру сынды сұраныстарына сай қызмет етуде. Бүгінгі күні облыста 134 тұрғын есептен шығару куәлігін алды.

Тұрғындарымыз өз учаскесін «Өзіңді сайлаушылар тізімінен тексер» атты платформа арқылы үйден шықпай-ақ көре алады. Мұны жергілікті әкімдікпен бірлесіп атқардық. saulau.org.kz платформасының көмегімен 70 мыңға жуық сайлаушыларымыз өз учаскесін тапты. Бұл платформа «Смарт Қызылорда» мобильді қосымшада және телеграм (sailau_kzoBot) желісінде қолжетімді.

Сонымен бірге 193 учаскеде онлайн сервистер жұмыс істеп тұр. Бұл учаскелер сайлаушылардың ЖСН-і арқылы оның қайда тіркелгендігін анықтап бере алады.

Маңызды мәселенің бірі ретінде айтарым, дауыс беру күні тізімде жоқ азаматтарды уақытша тіркеумен айналысатын 5 арнайы учаске жұмыс істейді. Мұнда халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары тұрғындарды уақытша тіркеп, дауыс беруіне мүмкіндік жасайды.

Мұнан бөлек аймақта 109 бірыңғай байланыс орталығы және 8 call-орталық тұрақты түрде қосылуы.

23 тамыз күні дауыс беру 07.00-ден 20.00-ге дейін жүргізіледі. Бірақ Қызылорда қаласындағы 6 учаскеде заңнамада көзделген тәртіппен дауыс берудің басталу уақыты таңғы 6-дан бастап белгіленді. Бұл учаскелер әскери бөлім мен 5 кен орындары. Тиісті қаулы қабылданды.

Барлық сайлаушыға шақыру қағаздары таратылып, смс хабарламалар жөнелтілді. Қазіргі таңда науқанға әзірліктің соңғы сәттеріне келдік. ҚР Орталық сайлау комиссиясынан бюллетеньдер келді. Енді оны аумақтық сайлау комиссиялары күзет қызметімен бірге учаскелерге табыстайтын болады.

Жалпы сайлау комиссиясы мүшелері сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыруға дайын.

Сұхбаттасқан
Е.ДӘУІР



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Осы жексенбіде Қазақстанда Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы өтеді. Жаңа Конституцияға сәйкес заң шығарушы орган 145 депутаттан құралады. Жаңа органның «Құрылтай» аталуы да кездейсоқ емес. Бұл атау қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамырына бойлап, халқымыздың саяси дәстүрлерімен сабақтастықты аңғартады. Тарихта құрылтайлар ел өміріндегі маңызды мәселелер талқыланатын, биліктің тағдыры мен мемлекеттің болашағына қатысты шешімдер қабылданатын алқалы жиын ретінде белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та жаңа Парламенттің атауын ұсынғанда оның тарихи мәніне ерекше назар аударғаны белгілі. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында жарияланған бұл бастама кейін конституциялық реформаның нақты тетіктерінің біріне айналды.

Бір палата – бір жауапкершілік

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жылдың 12 тамызында Ақордада қоғам қайраткерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау сәтінде: «Құрылтай – халқымыздың тарихи жадында сақталған, ел тағдыры талқыланатын, маңызды шешімдер қабылданатын алқалы жиынның атауы. Жаңа Құрылтай қоғам мен билік арасындағы тиімді диалогтын, елдің өзекті мәселелерін ашық талқылаудың және халықтың пікірін мемлекеттік шешімдерге жеткізудің маңызды алаңына айналуы тиіс» деп жаңа Парламенттің қандай болуы керектігін көрсетті. Осы ретте бір палаталы жүйеге көшу тек атау ауыстыру немесе құрылымдық өзгеріс жасау емес, бірінші кезекте оның заң шығару үдерісін онтайландыруға бағытталған практикалық мәні бар екенін атап өткім келеді. Бұған дейін екі палаталы Парламентте заң жобалары Мәжіліспен Сенатта кезек-кезек қаралып, кей жағдайда бұл шешім қабылдау мерзімінің ұзаруына әкелетін. Енді заң шығару жұмысы бір өкілді орган шеңберінде шоғырланады.

Заң ғылымдарының докторы Үнзила Шапақ Jibek Joly телеарнасының «Бүгін LIVE» бағдарламасында Құрылтай депутаттары партиялық жүйе арқылы келетінін мәліметкен. Сондықтан жаңа модельде азаматтардың саяси таңдауының нысаны да өзгереді: сайлаушы ең алдымен партияның бағдарламасына, оның ұстанымына және ұсынған кандидаттарына баға береді. Оның пікірінше, бұл саяси партиялардың халық алдындағы жауапкершілігін күшейтеді. Бұл жерде маңызды бір мәселе бар. Бір палаталы жүйе заң қабылдау барысын жеделдеткенімен, жылдамдық сапаның орнын алмас-тырмауы керек. Үнзила Шапақ атап өткендей, жаңа Құрылтайда

заңдар үш оқылымнан кейін қабылданады. Демек, бұрынғы екі палаталы жүйедегі сүзгілердің бір бөлігі өзгергенімен, заң жобасын талқылау мен сараптауға қажетті тетіктер сақталады.

Саясаттанушы Айдос Сарым жаңа Құрылтайды конституциялық реформаның практикалық кезеңі ретінде бағалайды. Оның айтуынша, саяси жүйенің жаңа архитектурасы қалыптасып болды, ендігі міндет – оны нақты институттардың жұмысы арқылы іске асыру. Айдос Сарым бұл сөзді Конституциялық реформа жөніндегі комиссия отырысында айтқан. Сарапшы бір палаталы модель заң қабылдау уақытын қысқартуға мүмкіндік беретінін де атап өткен. Демек, жаңа жүйенің басты артықшылықтарының бірі – шешім қабылдау тетігінің ықшамдалуы. Бірақ мұнымен бірге саяси жауапкершілік те арттады. Бұрын екі палатаның өзара талқылауына немесе ұстаным айырмашылығына сілтеме жасау мүмкіндігі болса, енді заңның сапасы мен оның салдары үшін жауапкершілік айқынырақ болады. Белгілі қоғам қайраткері жерлесіміз Мұрат Әбенов те осыған назар аударады. Оның пікірінше, бір палаталы Парламент жағдайында жауапкершілікті бір-біріне аудару мүмкіндігі азаяды. Сондықтан партиялар Құрылтайға қоғам алдында өз ұстанымын ашық қорғай алатын мықты депутаттарды тартуға мүдделі болады.

Заң сапасы – басты өлшем

Құрылтайдың болашақтағы беделі оның атауымен немесе құрылымымен емес, қабылдайтын заңдарының сапасымен өлшенеді. Заң – қоғамның күнделікті өміріне әсер ететін құжат. Сондықтан жаңа депутаттардан тек саяси белсенділік емес, кәсіби біліктілік, құқықтық сауат және қоғамдық жауапкершілік

талап етіледі. Осы жылдың 15 тамызында жерлесіміз қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлының «Егемен Қазақстан» газетінің сайтына Құрылтай жайлы пікірі шықты. Ол партиялық бәсекелестіктің күшеюі жаңа Парламенттің сапасына оң ықпал етеді деп есептейді. Оның пікірінше, толық пропорционалды жүйе саяси партиялардың бәсекесін арттырып, заң шығару сапасына жаңа талап қояды. Бұл пікірмен келісе отырып, жаңа Құрылтайдың алдында тұрған міндет тек заң қабылдау емес екенін де айту керек. Ол қоғамның әртүрлі топтарының үнін еститін, сол ұсыныстарды мемлекеттік саясат деңгейіне көтеретін тиімді өкілдік алаң болуы тиіс. Құрылтайдың партиялық тізіммен жасакталуы бұл мәселені бұрынғыдан да өзекті етеді. Биылғы сайлауға жеті саяси партия қатысып отыр. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, партиялық тізімдерде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі кемінде 30 пайыз болуы талап етілген. Яғни жаңа органның әлеуметтік құрамы да қоғамның алуан түрлілігімен байланысты. Өйткені заң шығарушы орган қоғамдық мүддені неғұрлым кеңірек қамтыған сайын, оның шешімдерінің де қоғамдық негізі соғұрлым берік болмақ.

Қоғам да жауапты

Құрылтайдың тиімділігі тек депутаттарға байланысты емес. Оның жұмысына қоғамның өзі де ықпал етеді. Сайлаушының саяси сауаты, партия бағдарламаларына қызығушылығы, депутаттардың қызметін бақылауы – жаңа институттың қалыптасу мәдениетінің ажырамас бөлігі. Заң ғылымдарының докторы Алуа Ибраеваның пікірінше, Парламент бүкіл қоғам атынан сөйлейтін институт болғандықтан, оған артылар үміт жоғары. Сонымен бірге қоғамның өзі де

белсенді болуы керек, ал саяси партиялар мықты болуы қажет.

Демократиялық институт тек биліктің шешімімен қалыптаспайды. Ол азаматтардың күнделікті саяси мәдениеті арқылы орнығады. Сайлауға қатысу, өз таңдауын саналы түрде жасау, қоғамдық мәселеге пікір білдіру, депутаттың жұмысын бақылау – мұның бәрі азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Сондықтан 23 тамыздағы сайлау тек 145 депутатты анықтайтын саяси науқан емес. Бұл – жаңа мемлекеттік модельдің алғашқы нақты сынағы. Құрылтай ел үшін маңызды мәселелер ашық талқыланатын, түрлі пікір тоғысатын, қоғамдық ұсыныстар нақты заңнамалық шешімдерге айналатын беделді саяси әрі зияткерлік алаңға айналуы тиіс. Осы ретте 23 тамызды жаңа саяси кезеңнің басталатын күні дер едім. Құрылтайдың алғашқы шақырылымы елдің жаңарған саяси жүйесінің қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін көрсетуі керек деп ойлаймын. Ал оның табысты болуы депутаттардың кәсібилігіне ғана емес, қоғамның белсенділігіне, саяси партиялардың жауапкершілігіне және азаматтардың өз таңдауына деген көзқарасына тікелей байланысты екенін естен шығармаған жөн. Бұл жолғы таңдау – тек бүгінгі күннің емес, ертеңгі Қазақстанның саяси келбетін айқындайтын таңдау.

Құрылтайдың алғашқы шақырылымының жұмысы жаңа саяси модельдің өміршеңдігін айқындайтын маңызды кезең болмақ. Сондықтан депутаттарға кәсібилік пен жауапкершілік, саяси партияларға ашықтық пен нақты бағдарлама, ал азаматтарға белсенділік пен саналы таңдау қажет. Құрылтай ел мен билік арасындағы сенімді диалогтің берік көпіріне айналған жағдайда ғана саяси реформаның түпкі мақсаты орындалады. Ең бастысы, жаңа саяси институт халықтың мүддесіне қызмет етіп, заң үстемдігін нығайтуға және елдің ұзақ мерзімді дамуына жол ашуы тиіс. Өйткені Құрылтайдың болашағы оның қабырғасында қабылданатын шешімдермен ғана емес, сол шешімдердің қоғам өміріне әкелетін нақты өзгерістерімен өлшенеді.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер
кеңесінің төрағасы,
Қызылорда облысының
құрметті азаматы

САЙЛАУШЫҒА ХАТ

Ойлан,
Ойлан,
ардақтың аға...
ойлан, дос! Ойлан, дос!
Болады ертең парасатты пайдаң кеш.
Күн өткізбе бос күлкімен...
Күн өткізбе ел-жұрт күткен жүйеңмен,
Құр өткізбе ел-жұрт күткен сайлауды еш.
Бұл қазақта болған емес пейіл тар,
Өкіңбеуін үшін ертең, кейін сәл,
замандасым,
адал досым ал, қазір,
Ақынның айтарына зейін сал:
Айтулы күн емес бізге енді алыс,
Үміткерлер үшін бәйге, ол – жарыс.
Елі сүйген болсын перзент қалауың,
Елі сүйген қалауыңа бер, дауыс!
Жебе-намыс жүрегінде бар болса,
Саған сенім жүктеді жұрт, ел қанша.
Сол сенімді серік етіп бер дауыс,
Шын жүйрікке сәтті күні сен барша.
Жанарған ел дамытатын өрісін,
Ар-намысым деп білетін ел ісін.
Үміткерді қолдай білсең елжанды,
Ол да сенің ұлан-асыр жеңісін.

Тура жолдан таймағанды жебейді ел,
Ізгілікке жүрегін шын бөлейді ер.
Ақиқаттың ер соғынан, адаспа,
Ақын жыры – Алла сөзі демей ме ел?!
Туған топырақ,
Жар бол, жатқан табаңда!
Қылсаң қызмет Қоғам менен Адамға,
Жетім жебеп, қартқа қамқор болса алсаң,
Мұнан асқан имандылық болар ма?!
Сен көретін,
ел көретін құт алда,
Тарт биікке,
Жолай көрме жұтанға...
Таңдауыңды жаса дұрыс тап бүгін,
Жанарыңды қайда біл дос, жігіт алға.
Бәрі саған байланысты,
тартынба!
Дауысыңды бер, дархан жүрек мәрт ұлға!
Жұртың үшін жай отындай жарқылда,
Байтақ елің түр әнекей, артыңда...
Ойлан, толған,
осыдан соң тоқтама!
Таңдауыңнан асқан сенің жоқ дара.
Үмітінді үкілеген ендеше,
Үміткерге дауысыңды бер тек қана.

Таңдауыңды жаса ұят, арыңмен,
жүрегіңмен,
тілегіңмен,
жаныңмен.
Үміткерге үкілеген үлес қос,
Өтіріктің жалағанша балын сен.
Аяулы ана,
абзал аға,
қарттарым,
ізетті іні,
Қарындасым-мақтаным.
Қаршадайдан қара нардай қайыспай,
Елдің жыры – елдің жүгі тартқаным.
Таңдауыңда – тағдыры елдің,
Бұрылма!
тайсалма сен,
тасаланба,
бұғынба,
Далаң үшін...
Балаң үшін...
Ел үшін
Дауысыңды бер ертең нағыз дүр ұлға!!!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, Жарасқан
Әбдірашев атындағы әдеби
сыйлықтың иегері





Өткен шілде айының 11 жұлдызы болатын. Әдеттегідей әлемжеліні ақтарып отырғанмын. Бір тезде Facebook парақшасынан Қазалы аудандық әкімдігінің ардагер журналисі, ақын-жазушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Ақпарат саласының үздігі Жұмабек Табынбаевтың өмірден өткеніне байланысты көңіл айтқан суық хабарды оқығанда қалта телефонымды қыса ұстап, өн-бойымды тоқ ұрғандай отырып қалдым. Өкінбеске шарам жоқ, ол Қазалыдағы ізімді басып келе жатқан өміршең үзентгілес інілерімнің бірі болатын.

Алла өзінің берген өлшеулі жасының шегіне жеткенде жолын қылыштай қиып түсті. Желден жүйрік журналистік тұлпарының жалын құшты. Қорамсақ толы қаламы қолынан сусып түсті. Қазалы аспанындағы ақпараттық әлемінен бір жұлдыз жарқ ете ағып, өшті. Бұрын Жұмабек бауырыма амандық, денсаулық тілесем, енді «Алла алдынан жарылқасын, жаның жәннатта болсын» деген азалы сөз аузыма орала берді...

Әлгінде айтқан «ізімді басып келе жатқан әріптес інім еді» деген сөзімнің де ізі бар еді. 2004 жылдың сәуір айының соңғы күндері. Менің «Сыр бойы» газетінде Арал, Қазалы аудандары бойынша меншікті тілші қызметін атқарып жүргеніме 4-5 жыл болып қалған. Облыстық газет болса да, баяғы кеңестік кезеңдегідей баспасөзге деген партиялық пәрмен жоқ, Шәкіраттай дәурен жоқ. Сондықтан екі ауданның шаруашылығын шарлау да жылдан-жылға оңайға түспей бара жатты. Әсіресе Аралға қарағанда Қазалыда науқан көп, бір барсан бірнеше күн жүріп қайтасын. Мұның да өз қиындығы бар. Бір күні Аралдағы «Толқын» газетінің редакторы Жұматәлі Әбдіраман өзінің жақын уақытта облыстық телерадио компаниясына ауысатынын айтып, «Толқынға» келетін ойың болса, ертерек қамдан» деді. Бұл газет бұрын жауапты хатшы болып жұмыс істеп кеткен, өскен ортам. Енді өзімнің ыстық ұяма неге басып болып бармасқа? Аудан әкімі Бақытжан Қодаманов болатын. Осының алдында оның көлемді мақаласын дайындап, «Сыр бойы» газетінде жариялағаным. Содан бері екеуіміз жақсы қарым-қатынаста болдық. Әуелі Жұматәлі аудан әкіміне кіріп өзінің рұқсатын алды. Түпнұсқа мен де барып ұсынысымды білдірдім. Әрі «Толқынның» бұрынғы қызметкерімін, әрі облыстық газеттен келіп тұрған соң ба, маған қарсылық білдірген жоқ, бірден келісімін берді. 4-5 жылдың арғы жағында зейнеткерліктің де төбесі көрініп тұрған маған бұдан әрі меншікті тілші болып екі ауданды аралап, ел шарлап жүргеннен гөрі жұмысқа ертелі-кеш өз босағаннан аттап барып келгенге не жетсін. Сонымен «Сыр бойынан» рұқсатымды алуға редакторым Жассылық Рахматуллаға жол тарттым. Келдім. Ойымды айттым. Келісті. «Жақсы болған екен» деп сәттілік тіледі. Сөйтті де:

– Саған енді бір тапсырма бар, бұған дейін меншікті тілші Шөкен де, сен де тек Аралдан болып келді. Енді сенің орнына тілшілікке Қазалыдан болғаны дұрыс. Бізге тек қана мақала жазудан бөлек, газет таралымын ауданда көбейтуге, сондай-ақ редакцияға демеуші бола алатын іскер азаматтарды тарту қолынан келетін журналист керек. Сондай азаматты тап, – деді. Мен келістім. Ойымда екі адам бар. Бірі өзімнің шәкіртін деуге болады, Раушанбек Сейтенов, екіншісі жас жігіт Жұмабек Табынбаев. Алдымен Раушанбекке айтып едім, тілшілікті қолдағаныммен, ұйымдастыру жағына келгенде «ол қиындау екен, қолынан келе қоймас» деп бас тартты. Ал Жұмабек болса «істеп көрейік, біріміз бір ауданның адам-

дарымыз ғой» деп жас тұлпардай тыпышып тұрды. Сонымен Жақанмен келісіп Жұмабек інім «Сыр бойы» газетінің Арал, Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі болып менің ізімді басты.

Облыстық газетке келіп журналистік алаңы кеңейген Жұмабек еншісі бөлінбеген егіз жандай екі ауданның тағдыры, әлеуметтік ахуалы, өңір өмірінің өзекті мәселелері жайлы төгілте жазды, толғана жазды, тәттілеп талғаммен де жазды. Жазғаны жазғандай жарыққа шығып, айтқаны ақиқат, ойы өзекті болып өз ортасында шабыттың шәрбетін ішіп, бәйге атындай бабына келіп, өзгеден оза шапты. Кең жазықта көсіле шапты. Әдепкіде «Қазыналы Қазалы», «Туран Қазалы» сияқты аудандық алақандай газеттер адымына аздық етті ме, аймақтық басылымға келген соң арқалана, атойлата жазды, аңырата жазды. Меншікті тілшілікті еншілегеніме екі жыл өткенде-ақ екі ауданның «Жыл журналісі» аталымының үздігі атанды. Қос ауданның бүгінгі мен болашағы әркез қанатты қаламының ұшында болды. Жылдан жылға ширығып, болаттай шындала түсті. Ергелі-кеш еткен еңбегі еленіп, бірмарапаттан соң бірмарапатты еншілеп, есімі ел аузында жүрді.

Соның бір айғағы – Жұмабек 2007 жылы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері атанып, жасындай жарқырап шыға келді. Мұнан соң Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі, Қазалы ауданының құрметті азаматы атанып, «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Онымен бірге облыстық, аудандық дәрежедегі Құрмет грамоталары, Алғыс хаттары, мерекелік медальдары мен төсбелгілері қаншама. Осының бәрі облыстық «Сыр бойы» газетінің меншікті тілшісі Жұмабектің журналистік жолының жетістіктері, жанкешті еңбегінің жемісі еді. Ол мұнымен бірге «Қара кемпір», «Өмір керуен», «Мен қайта оралдым» атты кітаптарын жазып, журналистік жолын жазушылыққа ұластыра білді.

Жұмабектің жолы мұнымен де шектеліп қалмайды. Ол ақындық жолдың да шаңдағын бұрқыратып, өз соқпағын салған әмбебап азамат. «Ақындар ауылда туады» демекші, Жұмабек Табынбаев та Қазалы ауданының Жанқожа батыр атындағы елді мекенде 1962 жылдың 5 қаңтарында дүние есігін ашқан ауыл перзенті. Ол Қызылорда гуманитарлық университетін бітірсе де, еңбек жолын туған ауылында, шаруашылықтың жауапты саласында бастап, іскерлігімен көзге түсіп, жастайынан коммунистік партия қатарына енген ауылдың белді бір азаматы болды.

Ауласынан қойдың иісі, ошақтарынан қидың иісі бұрқыраған ауыл өмірі, ондағы ауыл адамдарының қарапайым тіршілігі ақын өлеңінің алтын арқауы еді. Оған «Ауылым деп толғанам» атты өлеңі айқын дәлел.

Ауылым – күннің арайлы, Қыркадан қимай қарайды. Ауылым қандай керемет, Сұлулық одан тарайды.

Өрістен қайтқан жамырап, Қой-ешкі шұлап маңырап, Енесін танып дауысынан, Қосады үнін қозы-лақ...

Иыққа салып кетпенін, Көршің тұр айтып өткенін. Шалғанда көзі әйелін «Жөн болар, дейді кеткенім»

Қазанға салып жаппайын, Анашым дейді «ас дайын!» Арада жылдар өткенмен, Ұмытқан жоқ таңдайым! Міне, әлгіде біз айтқан ауыл түтіні,

мал шуы, ауыл адамдарының қарапайым тіршілігі оның өлеңінде осылай суреттеледі. Әсіресе әңгімешіл бақшашы шал, ошақ басында нан жауып жатқан анасының күйбең қимылы, бәрі-бәрі кинолентасындай көз алдыңнан өтіп жатады.

Жұмабек осылай жазады да, ауыл адамдарының асыл қасиеттерін мына бір өлеңмен түйіндеп тастайды. Жүргенмен болып қалалық, Ауылым қымбат, маған ұқ. Пейілі дарқан даладай, Адамы жайсаң, сөзі нық.

Ауылда бәрі туысқан, Сырынды сенің ұғысқан. Бөлінбей мәңгі еншісі, Ас ішкен бірге ыдыстан... – дей келіп ата-ананың, бауырдың, ағаның, жеңгенің, дос-құрдастың әдемі, әдепті бейнесін түсінікті тіл, сұлу сөзбен әсем суреттейді. Әсіресе бір табақтан, бір қасықпен бір үйлі жанның бір адамдай бауырласып ас ішкен атам қазқтың тек өзіне тән қасиетін бір шумақ өлеңмен-ақ бейнелеуін ақын шеберлігі дерсін.

Жұмабек өлеңдерінің өміршеңдігінің бір айғағы – оның сөзіне жазылған сазгерлердің «Қос бабам», «Ерліктің қос шынары», «Жанқожа баба», «Жеңімпаздар», «Ауылым – әнім», «Анашым», «Аралдағы ару қыз», «Ақ көйлекті ару қыз», «Биле, биле», «Қарындасым-қарлығашым» әндері сахна сәнін келтіріп аудан, облыс, республика көлемінде де орындалып, көрермен көңілінен жылы орын алуы. Осы әндердің ішінде Жұмабектің сөзіне жазылған «Қос бабам» әнінің республикалық «Музыка әлемінде» шығармашылық бірлестігінің ұйғарымымен республикалық балалар әндер қорына енгізіліп, аталған бірлестіктің Алғыс хатымен марапатталуы да көңілге мақтаныш сезімін ұялататыны анық.

Бойынан бекзаттық, тілінен сүлей сөз, ойынан өлең төгілген аяулы ауыл перзенті аяусыз ауру мендеген талайлы тағдырымен талай тайталасқанымен тұқырта алмады, қармасқан қолы, табан тіреген аяғы да талды, Алла алдында әлсіз екенін ақыры мойындап, асыл жары Аманкүлін, екеуі өбектеп өсірген төрт перзенті мен мен тоғыз немересін артына қалдырып, мұнан 64 жыл бұрын ашқан жарық дүние есігін тарс жауып, мәңгілік мекеніне кете барды. Осылай жазушы, журналист Жұмабектің өмір жолы, сындарлы сапары аяқталған сияқты еді. Жоқ, олай болмады.

Жаны жайсаң Жұмабек өмірден босқа кеткен жоқ. Ол ұлдарын дәл өзіндей жастайынан спортқа салып болаттай шындалды, өмірге қырандай баптады, толысқан шағында томағасын сыпырды. Ұшырды. Бабына келген бала қырандар «ап» дегеннен аспанға атылып, қияға қанат қакты. Баһадүр бапкеріндей ұлдары спорт сайысында саңлақ, ақындар аламынында жүлдегер атанып, шығармашылықта шығып шыңғы шыға келді. Осылайша Жұмабектің перзенттерінің бірқатары мемлекеттік қызметте танылса, бірі Қазалы ұнпарағының тұтқасын ұстап, аудан айнасының бетіне шаң жуытпай, кір шалдырмай, мұнтаздай мінсіз, таза алып келеді.

Кеше ғана қолынан сусып түскен әке қаламын кара жерге түсірмей қағып алған Есет енді тоқтап қалған Жұмабек жолын өз қалауы, өз таңдауымен одан әрі жалғастыруға бекінгендей. Өйткені Жұмабек жолы жарқын жол, халық көз тіккен киелі жол.

Жұмабек аяулыма Алладан иман тілеймін.

Жұмабай ЖАҚЫП, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

БРИФИНГ

Оқушылар шекара қызметінің қыр-сырын меңгеріп жүр

18 тамыз – Отан шебін күзетіп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген шекарашылардың кәсіби мерекесі. Бұл бағытта қызмет етіп жүрген шекарашылар ел тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауға өз үлестерін қосып келеді. Айтулы мереке қарсаңында Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Застава тарландары» РҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Асан Худояров шекара қызметінің маңызы мен сала ардагерлерінің еңбегіне тоқталды.

Оның айтуынша, шекара қызметі – жоғары жауапкершілікті, қырағылықты және Отан алдындағы шынайы адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Ел шебін қорғаған азаматтардың ерлігі мен табандылығы кейінгі ұрпаққа үлгі.

– Қазіргі таңда шекара қызметінің жұмысына қызығушылық танытатын оқушыларға арналған 10 үйірме тұрақты түрде жұмыс атқаруда. Аталған үйірмелерді Шиелі, Қуандария және Байқоныр шекара бөлімдерінің офицерлері бірге ұйымдастырады. Онда оқушылар шекара қызметінің ерекшеліктері мен негізгі бағыттары туралы жан-жақты біле алады. Сонымен қатар қала аумағындағы мектептерде департамент офицерлері арнайы сабақтар мен практикалық кездесулер өткізіп тұрады. Сабақ барысында оқушыларға шекараны қорғау, із кесу және ізді анықтау, кинология, қызметтік иттерді пайдалану, шекара қызметінің тактикасы және басқа да арнайы бағыттар бойынша теориялық және практикалық ақпарат беріледі, – деді Асан Беркімбекұлы.

Үйірмелердің негізгі мақсаты – жасөспірімдердің бойында Отанға сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді, тәртіптілік пен жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ оларды әскери қызметке және шекарашы мамандығына бағыттау. Оқушылар шекара қызметінің күнделікті жұмысымен танысып, офицерлерден тікелей тәжірибелік білім алады. Бүгінгі күні аталған үйірмелерге



200-ге жуық оқушы тіркеліп, тұрақты түрде қатысып келеді. Бұл жұмыс жастардың әскери-патриоттық бағытта тәрбиеленуіне және мамандықты дұрыс таңдауына оң ықпал етеді.

Спикердің айтуынша үйірмелерге белсенді қатысатын, оқу үлгерімі мен тәртібі жақсы, әскери қызметке қызығушылығы жоғары оқушылардың алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік академиясына оқуға түсу мүмкіндігі жоғары. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс жас ұрпақтың бойында ел қауіпсіздігіне жауапкершілікті арттырып, болашақта білікті әрі кәсіби шекара қызметкерлерін даярлауға септігін тигізеді.

«СБ» ақпарат



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ӘР ІЗДІҢ АҚИҚАТЫ БАР

Полиция қызметінде криминалист мамандығының орны бөлек. Қылмыс орнындағы әрбір із бен айғақтың өзіндік сыры бар. Ал сол сырды ашып, көзге көрінбейтін деректерді сөйлету – криминалистің міндеті. Бір қарағанда байқала бермейтін ұсақ бөлшектердің өзі қылмыстың мән-жайын анықтауға, оқиғаның шынайы картинасын қалпына келтіруге жол ашады.

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының жедел криминалистика бөлімінің криминалісі, полиция лейтенанты Қайрат Үмбетов үшін бұл – жай ғана қызмет емес, үлкен жауапкершілік пен кәсіби ізденісті талап ететін жұмыс.

Криминалистің жұмысы оқиға орнына барудан басталады. Мұнда әрбір секунд пен әрбір деталь маңызды. Көрінетін іздер, микробөлшектер, заттардың орналасуы, саусақ іздері және басқа да айғақтар мұқият зерттеліп, белгіленген тәртіппен тіркеледі. Өйткені қылмысты ашуда болжамнан гөрі нақты дәлелдің маңызы зор.

– Криминалистика – ғылымның өзі. Мен білім алған академияда студенттерді учаскелік полиция инспекторы, тергеуші, криминалист секілді мамандықтарға баулиды. Сол кездің өзінде таңдауым криминалистикаға түсті. Осы мамандықты таңдағаным өкінген емеспін. Криминалистика қылмыстың себебін, қылмыскердің ойы мен психологиясын зерттеумен қатар, оқиға орнында тергеушінің ең басты көмекшісі болуға мүмкіндік береді. Біздің не-

гізгі міндетіміз – дәлелдемелерді жинақтап, қылмысты ашуға ықпал ету. Ал атқаратын жұмысымыздың өзегі – зерттеу, – дейді Қайрат Талғатұлы.

Маманның айтуынша, криминалистің кәсіби жолындағы басты үш тірек бар. Оның біріншісі – адамгершілік, екіншісі – білім, үшіншісі – қызметке деген адалдық. Осы қасиеттер ұштасқанда ғана маман өз ісінің шеберіне айналады.

Криминалистің оқиға орнындағы үнсіз айғақтарды сөйлетіп, әрбір ізден ақиқат іздейді. Оның жұмысы тергеу барысына тың серпін беріп қана қоймай, қылмысты ашуға, кінәліні анықтауға және жазықсыз жанды қорғауға ықпал етеді.

Әділдік жолындағы мұндай қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ал әр іздің артында ақиқат тұрғанын жақсы түсінетін Қайрат секілді кәсіби мамандар үшін бұл – мамандық қана емес, ел қауіпсіздігіне қосылған маңызды үлес.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»

Дональд Трамп Ким Чен Ынмен жүздеспек

АҚШ президенті Дональд Трамп Солтүстік Корея лидері Ким Чен Ынмен биыл күзде кездесуді көздеп отыр. Wall Street Journal мәліметінше, Трамп көмекшілеріне кездесуді мүмкіндігінше ертерек ұйымдастыру мәселесін қарастыруды тапсырған.

Екі лидердің жүздесуі Трамптың Азияға жоспарланған кейінгі сапары кезінде өтуі ықтимал. АҚШ президенті қараша айында Қытайдың Шэньчжэнь қаласында өтетін Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы саммитіне баруы мүмкін.

Қытайлық роботтар биржаны дүр сілкіндірді

Қытайдың әйгілі гуманоид робот өндірушісі Unitree Шанхай қор биржасындағы алғашқы сауда күнінде сенсациялық нәтиже көрсетті, деп хабарлайды NBC. Компания акциялары IPO кезіндегі шамамен 10,3 мың теңгеден таңғы сессия қорытындысында 60,5 мың теңгеге дейін қымбаттап, ал сауда басталған сәтте 75,3 мың теңгеге дейін жетті.

Нәтижесінде Unitree-дің нарықтық құны шамамен 50 миллиард долларға бағаланды. Компания IPO барысында 900 миллион долларға жуық қаражат тартқан. Unitree жүгіруге, білеуге және жеке-жеке қимылдарын орындауға қабілетті гуманоид және төрт аяқты роботтарымен танымал. Компанияның инвесторлары қатарында Tencent, Alibaba және DeepSeek бар.

Ғалымдар эпилепсияға ем тапты

Массачусетс технологиялық институтының ғалымдары балаларда кездесетін сирек генетикалық эпилепсияны емдеудің жаңа тәсілін әзірлеп жатыр, деп хабарлайды MIT News. Зерттеу SYNGAP1 генінің мутациясынан туындайтын ауруға бағытталған. Ғалымдар CRISPR технологиясы арқылы аурудың белгілерін ғана емес, оның генетикалық себебін түзетуді көздейді.

Тәжірибе барысында жаңа әдіс тәшқандардағы құрысу ұстамалары мен мінез-құлық өзгерістерін азайтқан. Қазіргі таңда терапия зерттеу кезеңінде және адамдарға арналған клиникалық сынақтар әлі басталған жоқ. Мамандар бұл тәсіл болашақта сирек кездесетін генетикалық эпилепсияны емдеуге мүмкіндік беруі мүмкін деп есептейді.

Эбола жұқтырғандар 5000-нан асты

Конго Демократиялық Республикасында Эбола вирусын жұқтырғандар саны 5 мыңнан асты, деп хабарлайды Reuters. Елдің қоғамдық денсаулық сақтау институтының мәліметінше, расталған жағдайлар саны 5021-ге жеткен. Оның ішінде 2378 адам аурудан көз жұмды.

Эбола індеті елде ресми түрде 15 мамырда жарияланғанымен, мамандар вирустың бірнеше апта бұрын тарала бастағанын болжайды. Қазіргі індет Конго тарихындағы ең көп адам өліміне әкелген Эбола өршуіне айналды және әлем бойынша 2014-2016 жылдардағы Батыс Африка эпидемиясынан кейін екінші орында тұр.

Дайындаған Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ТЫНЫСЫ

Жаңақорған кентінен 17 шақырым жерде орналасқан «СКЗ-У» ЖШС күкірт қышқылы зауыты «Хорасан-1» және «Хорасан-2» уран кеніштерін стратегиялық маңызы бар өніммен қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның осы аумақта салынуы да кеніштердің жақын орналасуымен байланысты. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ ұйымдастырған баспасөз туры барысында БАҚ өкілдері зауыттың өндірістік желісімен, орталық басқару бөлмесімен, сынақ зертханасы және қауіпсіздік шараларымен танысты.

Өндіріс аумағына кіру қауіпсіздік нұсқамасынан басталды. Мамандар белгіленген бағыттан шықпау, топтан бөлінбеу, қорғаныш құралдарын шешпеу және дабыл кезінде әрекет ету тәртібін түсіндірді. БАҚ өкілдеріне арнайы жұмыс киімі, каска, көзілдірік, бетперде, қорғаныш қалқаны мен қолғап берілді. Қауіпті химиялық өндірістергі әр талаптың артында адам өмірі мен денсаулығы тұрғаны зауыт табалдырығынан-ақ байқалды.

Серіктестік 2007 жылы құрылып, зауыт құрылысы 2010 жылы басталған. Алғашқы өнім 2012 жылы алына, 2013 жылдан өнеркәсіптік өндіріс толық жолға қойылды. Кәсіпорын тәулігіне 1500 тонна, жылына 500 мың тонна күкірт қышқылын өндіруге қауқарлы. Кей жылдары өнім көлемі 510-520 мың тоннаға дейін жеткен. Атырау өңірінен теміржолмен жеткізілетін түйіршікті күкірт негізгі шикізат саналады. Зауыт жылына 160 мың тоннаға дейін күкірт өңдейді.

Жобаны «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, жапониялық SAP-Japan Corporation және UrAsia London Limited компаниялары жүзеге асырған. Инжиниринг қызметі мен негізгі жабдықтарды италияндық BALLESTRA жеткізді. Энергетикалық кешенде General Electric компаниясының бу турбогенераторы, Termodup турбинасы мен Brush генераторы қолданылады. Күкірт қышқылын алу MECS (Monsanto) лицензиясы бойынша қосарлы конверсия және қосарлы абсорбция технологиясына негізделген. Мұндай жүйе шикізатты барынша толық өңдеп, өндірістік шығарындыларды азайтуға мүмкіндік береді.

Түйіршікті күкіртті алдымен 135 градус температурада балқытып, сүзгілеуден өткіземіз. Сұйық күйге келген шикізат арнайы пеште жағылады, онда температура 1000 градуска дейін көтеріледі. Одан бөлінген газ жылуды қайта пайдаланатын қазандық арқылы 400 градуска дейін салқындатылады. Күкірт диоксидті ванадий катализаторының көмегімен күкірт триоксидіне айналып, абсорбция бағандарынан өткен соң күкірт қышқылы алынады. Өндіріс кезінде бөлінген жылуды бұға айналдырып, электр энергиясын өндіреміз. Оның 5-6 мегаватты зауыттың өз қажеттілігіне жұмсалса, сыртқы желіге 10-11 мегаватка дейін беруге мүмкіндік бар. Дайын өнім «Хорасан-1», «Хорасан-2» кеніштері мен Шиелі өңіріндегі уран өндіруші кәсіпорындарға жөнелтіледі, – деді күкірт қышқылы зауытының директоры Сәбит Дауылбаев.

Қоймада үйіліп жатқан сап-сары күкірт бірнеше технологиялық кезеңнен кейін түссіз сұйықтыққа айналады. Дайын қышқылдың бастапқы концентрациясы 98,5 пайыздан асады. Кейін көрсеткіш тұтынушы талабына сай төмендетіліп, өнім арнайы теміржол цистерналарына құйылады. Күкірт қышқылы кен құрамындағы уранды ерітіндіге өткізуге көмектеседі. Уран сіңген

сұйықтық екінші ұңғымамен жер бетіне шығарылып, әрі қарай өндеуге жіберіледі.

Өндірістік үдеріс толық автоматтандырылған. Орталық басқару бөлмесіндегі операторлар температура, қысым, газ қозғалысы мен жабдықтардың жұмысын тәулік бойы бақылап отырады. Көрсеткіш белгіленген мөлшерден ауытқыса, мамандар тиісті шара қабылдайды. Сынақ зертханасында түйіршікті күкірттен бастап дайын қышқылға, технологиялық су мен мұржадан шығатын газға дейін тексеріледі. Зертхана 2012 жылдан бері аккредиттелген, мұнда 11 маман вахталық әдіспен еңбек етеді.

Қауіпті химиялық өндірісте адам қауіпсіздігіне қатаң талап қойылады. Қызметкерлер әр ауысым алдында автоматтандырылған медициналық тексеруден өтеді. Олар алғашқы көмек көрсетуге және автоматты сыртқы дефибриляторды қолданады. Медициналық қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. 2026 жылғы 31 шілдедегі мәлімет бойынша серіктестікте 276 адам еңбек етеді, соның 259-ы күкірт қышқылы зауытында жұмыс істейді. Қызметкерлердің 83 пайыздан астамы Жаңақорған ауданы мен Қызылорда облысының тұрғындары.

Экологиялық жағдай да тұрақты бақылауда. Тәуелсіз мамандар тоқсан сайын зауыт аумағы мен көршілес Кейден ауылындағы ауа, су және топырақтан сынама алады. Өндірістің жалпы тиімділігі 99,7, абсорбция кезеңіндегі көрсеткіш 99,9 пайызға жуықтайды. Автоматтандырылған мониторинг жүйесі шығарындыларды күндіз-түні бақылап, мәліметті Экология департаменті мен тиісті комитетке онлайн жолдайды. Кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, осы күнге дейін белгіленген нормадан асқан жағдай тіркелмеген.

Кәсіпорын өндіріс орналасқан аумақтағы әлеуметтік бастамаларға да қолдау көрсетіп келеді. Кейден ауылында жыл сайын 1200-ден астам көшет отырғызылады. 2024 жылы ауыл тұрғындары балаларға арналған күрес залын салып беру жөнінде өтініш білдірген. Ұсыныс акционерлер тарапынан қолдау тауып, келесі жылы жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Бұрын пеш жағылатын ескі ғимаратта жаттыққан балалар қазір газ бен электр желісі тартылған, жуынатын орны және жаттықтырушылар бөлмесі бар залда дайындалады. «СКЗ-У» ЖШС «Парыз» байқауында облыстық және республикалық кезеңде бірінші орын алған.

Атыраудан жеткізілген күкірттің Сыр өңірінде қышқылға айналып, уран өндірісіне жұмсалуды бірнеше саланы бір тізбекке біріктіріп отыр. Оның артында автоматтандырылған технология, зертханалық дәлдік, қатаң қауіпсіздік пен жүздеген адамның еңбегі бар.

Е.ДӘУІР



Сұлтан аманжол, Әзізбаев

ТОЙ ТУРАЛЫ ҒҰНГІМЕ ТОЛАСТАР ЕМЕС

Халқымыз табиғатынан той-думанға жақын. Жақсылықты жар салып жариялап, алыс-жақынға ат шаптырып, көкпар тартқызып, бас-басына бәйге беретін кеңпейілділік қанымызда бар қасиет. Тіпті халқы қадірлеген тұлғалар өмірден өткеннен кейін де еске алып, көпшілік алдында кәделеп ас-той беріліп жатады. Әлбетте, ұлтты ұйыстырып, ұрпақты сабақтастыратын мұндай тойлардың өткені қоғамға сын бола қоймас.

Көптің талқысына түсіп, көңілді алаңдатып тұрған басқа жағдай. Айталық, қазір тойдың түрі көп. Сол себепті, той өткізетіндер тойханаларға бірнеше ай бұрын тапсырыс беріп қояды. Өлгі ел аузында жүрген өлең шумағында айтылғандай, шілдехана, бесіктой, тұсаукесер, сүндеттой, бәрі де қазір тойханаларда өтетін болған. Тереңірек ойлансақ, сәбилердің, балдырғандардың тойы даңғаза, у-шудан аулақ, шаңырақта өткені дұрыс болар еді деген ой көкейде тұрады.

Енді айтпағымыз, осы тойлардың бәрі асабасыз өтпейді. Бүгінде олардың төменгі бағасы – 400-500 мың теңге көлемінде болса, әрі қарай 4-5 млн-нан асып кетеді. (Тойхананы жалдау құны өз алдына). Асабалардың ішінде атағы аспандап, әжептәуір жұлдызға айналып кеткендері бар. Оны қызмет көрсету құнынан білуге болады. Жарайды, сондай қымбат бағаға халық шақырып отырса, демек қызметі соған лайық болар дейсін. Иә, той тізгінін ұстаған асаба ән-жыр, әзіл-қалжымен әспеттей тұрып, той несінің мерейін өсіріп, жан-жақтан жиылған көпшіліктің де көңілін таба білуі керек. Десек те даңғаза, дарақылықтан аулақ болса дейміз. Тойдың жүргізілу тәртібін той егесімен алдын ала келісіп, алыс-жақын ағайынның басын қосқан жиындар арзан шоуга айналдырмауы керек.

Тағы бір мәселе бар, «авторлық құқық» деген, талай жерде айтылып жүрсе де нақты жауабы жоқ. Мысалы, тойларда өлең оқылып, ән орындалады. Ал оның авторлары бұдан бейхабар. Асаба тек орындаушының қызметімен ғана есептеседі. Ал тәртібінде авторларға шығармасының әрбір орындалғаны үшін ақы төленуі тиіс. Бұған байланысты «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР заңы бар екені ешкімді ойландырмайтын сияқты.

Әлеуметтік желі бетінен кейбір тойлардағы әдепсіз әзілдер, оспадарсыз ойындарды көріп жағамызды ұстайты-

нымыз жасырын емес. Тіпті кейде тым асыра сілтеп, адамдардың ар-намысына тиіп жатқан жағдайлар да көзге ұшырасады. Міне, осының бәрі тойды басқарған асабаның ой-өресінің деңгейін көрсетеді. Иә, «адам тойға демалу үшін барады ғой» деуіңіз мүмкін. Бірақ демалудың да мәдениеті бар.

Асабаның бәрін жаман деуден аулақпыз. Мәселен, жасандылықтан, жаттанды сөзден аулақ, көкірек көзі ашық, ескі де есті сөздерді жаңғыртып, қазақтың қара домбырасымен жыр-термелер орындап, жұртты аузына қаратып жүрген жігіттердің қызметі қашан да лайықты бағасын алары сөзсіз. Осындай асабалардың бірі, орта жастағы азамат (есімін атамауды өтінді) шындығында, қазіргі тойлардың жеңіл-желпі шоуга айналып бара жатқанын айтты.

– Ойлап қарасаң, ол тойда үлкен де, кіші де бар. Соған қарамастан, кей асабалар беталды сөйлеп, бейәдеп ойындар ойнатып жатады. Мысалы, жасы үлкен адамды жастармен жарыстыру, сондай-ақ, бір үйдің отағасы мен екінші бір үйдің келіншегін қосарлап ойынға тарту, әсіресе, қыз балаларды көп алдында ұялтып-қызарту әдепке сай келмейді. Өйткені отбасы деген өзінше бір құрылым, оған құрметпен қарау керек.

Бұрын біздің жас күнімізде жаңа түскен келіннің беташары шаңырақта болатын. Жастар тойы деген бөлек отушы еді. Өз басым сол дұрыс деп ойлаймын, – деді ол. Ал «Асабалар тапқан табысынан салық төлеуі керек пе?» деген сауалымызға: «Егер айына (күніне) миллиондап тауып жатса, әрине, төлеуі керек» дейді.

Бұл жердегі айтпағымыз, асаба өз міндетіне алған той туралы алдын ала ізденуі керек. Ол елдің (рудың) үлкені кім, жақсысы мен жайсыны кім, елге еңбегі сіңген жастардың алдында үлгі тұтар азаматтары бар ма, соның бәрін қаперіне алса, артық болмас еді. Сондай-ақ салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызға сай іс-әрекеттерге көбірек мән берілсе,

кателіктерден аулақ болар едік. Бір сөзбен айтқанда, асабаға да арнайы жауапкершілік міндеттелуі қажет, әйтпесе, әлгіндей келеңсіздіктер жалғаса береді. Мысалы, жуырда ғана бір тойда көпке танымал асаба орынсыз сөйлеп, опық жеп қалды. Тағы бір кісі той үстінде тілек айтқалы шығып, діни ұстанымда уағыз айтып, көптің құқығын шектемек болды. Әлеуметтік желі оқырмандары да бұл жайттарға бей-жай қарамай, сынға алды. Артынша құқық қорғау саласы жауапкершілікке тартты.

Осы орайда ардагер, қоғам қайраткері, «Ұрпақтан – ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сайлаубай Әбішев ағамыздың пікірін сұрағанымызда, шындығында, қазір той мәдениетінің төмендеп бара жатқанын жасырмады.

– Менің көз алдымда, бұдан жиырма жеті жыл бұрын, 1998 жылдың 30 желтоқсан күні облыс әкімшілігінде (қазіргі қалалық мәслихаттың үлкен залы) мәдениет қызметкерлерінің басын қосып, сол кездегі облыс әкімінің (Сапарбаев Бердібек Машбекұлының) бастамашылығымен мәдениет саласы қызметкерлерінің басын қосып, ой бөлісіп, ортақ пікірге келіп, белгілі бір тұжырым жасайтын облыстық форумға жиналғанбыз.

Бұл уақыт шындығында жаңа жыл қарсаңында, жаңа ғасыр басталдағының көкжиегінде тұрған кезіміз еді. Біз осы қай деңгейдеміз, қоғамдық өмірдің тек жай ғана ағысымен сырғып барамыз ба, әлде, халқымыздың ғасырлар бойғы қанына сіңген ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, ғаламдық өркениет көшіне ілесуге бет алдық па? Жалпы мәдениет ұғымы қалай еді, оны қазір қалай түсініп жүрміз? Міне, осындай мәселеге назар аударып, терең талқылай келе, қорытындысында мәдениет тек сахнада емес, күнделікті тіршілікте көрініс табуы керек екенін бағамдаған едік.

Мәселен, қазір де елімізде той өткізу мәдениетіне байланысты көңілді алаңдатарлық жайттар бар екенін жасыра алмаймыз. Облыстың бас газеті де бұл мәселені бекерден-бекер көтеріп отырмаса керек. Өйткені әлеуметтік желіде тойға қатысты әңгіме толастаймай тұр. Бұл ретте той тізгінін ұстаған асаба немесе жүргізушінің жауапкершілігі маңызды. Сондықтан олардың жеңіл-желпі, мән-мағынасыз мәтінін, тәлім-тәрбиеге қайшы келетін қандай да бір әрекетін той алаңына бақылаусыз жіберуге болмайды. Мұны той өткізуші тарап әрдайым терең ойлануы тиіс. Себебі, өткізіліп жатқан мәдени шаралар секілді, той да тек қана қонақ қабылдаушы жақтың жеке шаруасы емес, халқымыздың әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрінің сабақтастығын жас ұрпақтың санасына сіңіруге ықпал еткені жөн. Өйткені бүгінде тойдағы түрлі келеңсіздіктер әлеуметтік желі арқылы әп-сәтте әлемге тарайды. Демек, той өткізуде бірыңғай талаптың болғаны қажет секілді. Көпшілік тарапынан да айтар ой көп, ұсыныс-тілектер де аз болмаса керек, – дейді ардагер ағамыз.

Тойхана егелерінің де пікірін тыңдап көрдік. Олардың айтуынша, еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда, Қызылорда қаласында той өткізу құны біршама арзанға түседі екен. Ал той өткізушілердің сөзіне сүйенсек, отбасы қазынасынан шыққан қаражат тойға келушілер арқылы өзін-өзі өтесе, яғни, тойхананың құнын жапса, сол да көңілге медеет. Қалай десек те, қазір тойдың бәсекесі бірте-бірте саябырлай бастаған сиянайлы. Өйткені жағдайы бар отбасылар болмаса, жалпы көпшіліктің қалтасы көтермейді. Атам қазақ айтқандай, «көрпеге қарай көсілетін заман». Оның үстіне, қазіргі жастар да аста-төк той жасауға аса құштар емес, есесіне, баспана үшін бастапқы қаражат салу немесе қажетті дүниелер алу, сондай-ақ, шетелдерге қыдырулы құп көреді. Бұл өте орынды шешім екенін айтуымыз керек. Тағы да әлеуметтік желіні алға тартайық, жуырда «екі жүз мың теңгенің айналасындағы қаржыға өтті» деген жастар тойы көптің назарын аударды. Демек қазіргі қоғам талабына сай той өткізудің форматы өзгеретіні даусыз.

Иә, тереңірек ойлансақ, той – халқымыздың дәстүрлі құндылығы. Көнеден келе жатқан ізгі жолы бар. Десек те, уақыт өзгерістерге әкеледі. Талап та, талғам да ауысуы заңдылық. Сондықтан бүгінгі заманға сай тойдың мәдениетін қалыптастыру қажеттігі туындап отырғаны рас. Мысалы, көршілес өзбек, қырғыз елдерінде той өткізудің арнайы ережесі қабылданды. Біздің елде де бұл мәселе қазір қоғамның қызу талқысында тұр. Әсіресе, асабалардың қызметіне наразылық көп.

Жоғарыда айтып өттік, асабалар қызметі арзан емес. Сондай-ақ олар айна бір емес, бірнеше той өткізеді. Осы тұрғыда көпшіліктің «асабалар да тапқан табысынан салық төлеуі керек» деген талабы қисынға келетін сияқты. Сонда жауапкершілік те өз-өзінен орнығар, бәлкім...

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,

«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы

«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 19663

Тапсырыс №1423

Кезекші редактор Бағлан АМАНЖОЛ